

Ж.М.Алтынбекова

*Дарынды балаларға арналған мектеп, Қарағанды***Лексикондағы білім көріністері**

Мақалада лексикондағы білім көріністерінің ғылыми тұжырымдары сөз болды. Сонымен қатар автор сөз қабылдаудағы лексикон мәселелері мен құрылымына, ұйымдастырылу рөліне назар аударатын отырып, ментальді лексиконның негізгі критерийлерін эквивалентті бірлік ретінде қарастырып, тілдегі лексиконның импликация, пресуппозиция категорияларының тұлға санасының білімімен байланысын анықтады.

Кілтті сөздер: инсан, коммуникация, психолінгвистика, прагматика, уәжділік, мінез-құлық, сана, интеллект, психолог, интерпретация, семантика, салт-сана, логикалық импликация, пресуппозиция, паратілдік.

Жеке инсанның сөзінен (бізше, лексиконынан) оның не білетінін, қанша білетінін, қалай білетінін байқап отыруға болады. Адамның сөйлегенінен ойының жүйесін, білігінің өресін айқындау, тіпті, ғылыми «микроскоппен» үнілуді де қажет етпейтіндей. Алайда тілді дұрыс жұмсау, прагматикалық пайдалы құрал ретінде пайдалану жолдарын білу, соны аккумуляциялау тіл білімінің қоғам болашағын қамдайтын бір парызы деп санауға болады.

Инсан басқалардан сөйлеу арқылы коммуникация жасау үдерісін іске асырумен ерекшеленеді. Қазіргі кездегі қазақ тіл біліміндегі маңызды мәселелердің қатарына сол тілдік қарым-қатынастың танымдық, психолінгвистикалық, прагматикалық т.б. сипаты мен ерекшелігін қарастыру жатады. Жалпы қарым-қатынастың ойдағыдай орнауына инсанның білімі, ақпараттың дұрыс берілуі, уәжділік сияқты мәселелер ықпал етеді. Инсанның білім қоры адам мінез-құлқын реттеуші тетік пен қатысым жасау кілті екендігі анық. Сонымен қатар білім түрлері қабылдау, сөз саптау, сөз өндіру үдерістері кезінде оқығанымыз бен естігенімізді, көргеніміз бен жазғанымызды талқылай алуға және оны жақсы түсінуімізге мүмкіндік тудырады.

Соңғы кезде жалпы тіл білімінде білім түрлері (қорытынды, аялық, кәсіби, процедуралық), тағы басқа әр қырынан зерттеліп, оның бірқатар мәселелері қазақ тіл білімінде де қарастырылып жүргендігі белгілі. Дегенмен білім түрлері мен олардың қызметі толық шамада лингвистикалық зерттеу пәні болып қалыптаса қойған жоқ.

Кез келген сөйлеу әрекетіндегі мәтінді қорытынды білімге (тілдік және энциклопедиялық) сүйеніп отырып, өзектендіруге және саналы түрде іске қосу арқылы түсінуге болады. Қорытынды білімнің әр инсанда әр түрлі болуы, сол инсанның тәжірибесімен, білімімен, ділімен байланысты. Себебі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында емес, инсанның өмірден көрген-білгені, оқығаны-тоқығаны, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Зерттеушілер арасында қорытынды білім туралы түрлі пікірлер бар. Бұларға ортақ жайт — ділдік лексикон арқылы сөз мағынасын түсінудегі, мәтін жобасын жасаудағы қорытынды білімнің рөлін, оның қандай ерекшеліктері мәтін жобасының айтарман және тыңдарман талғауындағы инварианттылықты қамтамасыз ететіндігін, оған негіз болатын қандай тірек элементтер бар екендігін айқындап алу мақсаты.

Білім инсанның санасында туыла салысымен дайын тілдік формада болмайды. Оның қалыптасуы өте күрделі құбылыс. Уақыт өте келе өмірлік іс-тәжірибесімен жинақтала береді. Бірақ осы айтып отырғанымыз белгілі бір уақыттарда ұзақ мерзімді жадыда жатталып қалған дайын тілдік құрылымдарға қатыссыз.

Соңғы жылдары лингвистер, психологтер, психолінгвистер, жасанды интеллект зерттеушілері қорытынды білім ұғымына көңіл бөліп келеді. Зерттеу мақсатына сәйкес, олардың әрбірі қорытынды білім ерекшеліктеріне, оның қолданысында айрықша рөл атқаратын әр түрлі тіректерге назар аударады.

А.А.Залевская мәтінді түсіну теориясы үшін негізгі тірек деп саналатын қорытынды білімнің үш түрін көрсетеді. Біріншіден, қорытынды білім сөздің мағынасына ғана тәуелді болатын логикалық қорытындыдан бастап дүниенің тілдік бейнесі туралы егжей-тегжейленген білімдерді қолдануға дейін қамтиды. Екіншіден, кейбір жағдайларда қорытынды білім мәтіндегі оқиғаларды байланыстыру үшін аса қажет (қорытынды білім мұндайда аса маңызды көпір рөлін атқарады). Үшіншіден, мәтінде сипатталған жағдаят туралы қорытынды білім автордың ниеті туралы қорытынды білімге, яғни, мәтін-

нің прагматикалық интерпретациясымен қарсы қойыла салғастырылуы мүмкін [1; 268]. Бұл білімнің ділдік лексикон түзілісімен байланысы мәтінді оқу кезінде білімнің жұмсалыуынан, мәтін мазмұнының санаға сіңіп кодталуынан көрінеді.

Айталық, қазақ халқында жиі жұмсалатын «қатын алма, қайын ал» деген қолданыс инсанның Н.Ю.Караулов көрсеткен үш деңгейіне тән қорытынды білімдердің ерекшеліктерін байқатады. Ол бойынша, нөлдік, яғни вербалды-семантикалық деңгейдегі инсанның, қазақ халқының мәдениеті мен ділі жөнінде хабары жоқ болғандықтан, бұл қолданыстың уәжділігінен мүлдем алшақтайтыны дау тудырмаса керек. Себебі бар: бұл деңгейдегі адам қайын жұрттың жігітке жар алғаннан кейін ғана барып қосылатын жұрт екендігін бағамдап, «әуелі жар алмаса, онан бұрын қайын жұрт қайдан болсын» деген тәрізді екіұшты түсінікте болады немесе тіпті пайымдай да алмайды. Рас, осылай қабылдау, көп жағдайда, біздің халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасы жайлы түйгені аз тұлғаларға тән. Сондай-ақ халқымыздың тілі мен ділі жөнінде дерегі бар когнитивтік деңгейдегі инсан сол белгілі болған аялық білімінің негізінде бұл қолданысты қабылдағанда салқынқанды пікірде қалуы мүмкін, анығында, ол (инсан) үшін өзінің ата-бабалары қалдырған өсиет сөзі «шешесін көріп, қызын ал» қолданысымен сайма-сай есептеледі де, негізгі мәселені тәлім-тәрбие, отбасы бірлігіне тірейді, нақты айтқанда, онда уәжділікті шындыққа біршама жақындату мүмкіндігі бар. Ал прагматикалық деңгейдегі инсан мұның уәжділігін толық игеруге құзыретті, атап айтқанда, отбасылық жағдайға қатысты бұл қолданыстың баба тіршілігінде, ең бастысы, «сүйек асылдандыру» мақсатын көздейтіндігін айқындау арқылы тек тәлім-тәрбие ғана емес, осы тұста сонымен қатар тектілік мәселесіне ден қойылғандығын және ескереді. Мысалы, ұлтымыздағы сөз қаймағын қалқыған жыраулар поэзиясының соңғы өкілі Бұқар баба ділгір прагматик ретінде «қатын алма, қайын ал» қолданысындағы уәжділікті былайша сипаттаған:

*Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.*

Сонда аталған осы үш деңгейдегі инсан үшін ортақ мәселеге деген көзқарас, пікір нәтижесінде олардың қорытынды білім дәрежесі көрініс беретіні анықталады.

Ескере кетерлік бір жайт — қорытынды білімнен әр уақытта да 100 пайыз деңгейінде дұрыстық байқалады деуден аулақпыз. Себебі қорытынды білімнің екі сипаты бар: бірі болжамға, екіншісі айқындыққа негізделеді. Айталық, когнитивтік деңгейдегі инсан пікірі сөз болған қолданыс турасында «отбасы ұйытқысы — тәрбиелілік». Қорытынды білімнің айқындыққа негізделуі өз ішінен екі жақты сипатта: ол — нөлдік және прагматикалық деңгейге де тән. Нөлдік деңгейге қатысты айқындық деп оның (инсанның) ұлт ділінен мүлде бейхабар болуының салдарынан туындайтын біржақтылығын атауға болатындай, сондай-ақ прагматикалық деңгейдегі айқындылықты инсанның, керісінше, ұлт ділі жайлы толыққанды мағлұматының болуынан түйген пікірінен танимыз. Бұл тұста екі деңгей үшін де өз ұстанымдары — одан әрі дәлелдеуді қажет етпейтін айқындық.

Осыған орай, Дж.Кестің осы бағыттағы кейінгі жылдар зерттеулерін жинақтау арқылы қорытынды білімнің екі типін басшылыққа алуын орынды санаймыз. Олар: «шүбәсіз ақиқат қорытынды» («наверняка истинное») және «ықтимал ақиқат қорытынды» («возможно истинное»). Бұл — қорытынды білімге қол жеткізудің дедуктивті және индуктивті тәсілдерімен байланысты [1; 269].

Дегенмен сөз етілген үш деңгейлік инсандар да өз мамандығына қатысты кәсіби білім, күнделікті тұрмыс жағдайында естіген-көрген тәжірибесі негізінде қалыптасатын аялық білімдеріне (сөз етілмек тақырып аясы тұрғысынан) сүйенетіні анық. Осы аталған қосымша білімдері негізінде онда (инсанда) қорытынды білім қалыптасады да, қандай да бір құбылысты, мәтінді қабылдауда қашан да сол қалыптасқан қорытынды білімге сүйену арқылы қабылдайды, сонысына қарай ой түйеді, субъективті пікір білдіре алады. Мұнан қорытынды білімнің де жеке тұлғаның хабарды өзінше интерпретациялауы негізінде қалыптасатын ой-түйіні арқылы көрініс беретіндігі аңғарылады. Сонда қорытынды білімнің белгілі бір дәрежеде импликация, пресуппозиция, мәтін, аялық білім ұғымдарымен байланысып жататыны келіп шығады.

Қорытынды білім жадыдағы тілдік емес деңгейге тән. Ол мағыналық бөлшектер мен сөз тіркестері түрінде емес, пресуппозициялар мен логикалық импликациялар түрінде өмір сүреді. Пресуппозиция сөйлемнің шын мәніндегі нағыз компоненті болса, имплицитті дегеніміз «жасырын», «көмескіленген» дегенді білдірсе, ондай болғанда «логикалық импликация», «логикалық жасырын бөлшектер» болады. Қорытынды білім — бұл инсанның материалдық және рухани байлықтарды игеруінің нәтижесі. Оның шындық өмірге қатысы айтылыстардан көрініп, оған жан-жақтылық сипатын береді.

Аталған терминдердің (импликация мен пресуппозиция) лингвистикаға логикадан енгендігі белгілі. Импликация мен пресуппозицияның тіл біліміндегі түсіндірмесі кейбір пайымдаулардың ақиқаттығы немесе жалғандығы ұғымдарымен тікелей ұштасып жатыр. Мысалы, қос пікірден логикалық байланыстыру арқылы бір күрделі пікірді құрап шығаратын «ұластыру амалы» логикада импликация терминімен аталады. Тілде ұшырасатын имплициттік логикалық байланысқа «егер..., онда...» шарттылық формалары сәйкес келеді. Бір сөзбен айтқанда, сол күйінше декодталуға тиіс «А» формасының мазмұны қабылдауда «В» түріне ауысады, яғни қандай да бір мазмұн айтылуда өзгеше форманы таңдайды [2; 168]. Осыдан болуы керек, қазақ тіл білімі зерттеулерінде ұшырасатын пікірлерде де мұны «ойды астарлап, тұспалдап жеткізу» тәсілі деп қарайды [3].

Логикада имплициттік шарттылық ретінде түсіріліп тастаған, жария емес, көмескі, алайда белгілі бір ой-тұжырым арқылы жобаланып өз-өзінен түсінілетін шартты, ал имплицитті деп бір нәрсенің бойында болатын, бірақ айқын көрінбейтін нәрсе аталады [2; 171].

Ділдік лексиконның даму, құрамының, сапасының өзгеруіне импликация жолымен жобалап түсіну қатты ықпал етеді, лексиконда жаңа түзілістердің пайда болуына итермелейді. Ал имплициттілік, басқаша айтсақ, көмескілеп ұсыну лексиконды қозғалысқа келтіру мүддесін туғызады, өйткені танықтықтан анықтыққа қарай ұмтылыстың болуы адамның психикалық ойлауына тән, еріксіз құбылыс екендігін әр жеке тұлға біледі. А.Н.Баранов импликацияны «айқын көрсетілмеген нәрсе» деп анықтайды [4; 288]. Кейбір лингвистердің еңбектерінде импликация тек біржақты түсіндіріледі. Мұндай импликацияларды логикалық байланыстардан айыру үшін Г.Грайс оларды коммуникативтік имплицатуралар деп атайды [5].

А.Н.Баранов сөздігі бойынша, имплицатура — сөйленім мағынасының бір бөлігі. Ол айтылған нәрсенің сөзбе-сөз мағынасынан бөлініп шығарылады, мұнда бейконвенционалды имплицатуралар жағдайында қорытынды — жағдаяттар туралы білімге негізделеді, ал конвенционалды имплицатуралар жағдайында қорытынды әлем туралы жалпы білімге негізделеді [4; 288]. Дж.Томас «қорытынды білім» және «импликация» ұғымдарының арасындағы айырмашылықтарды лингвистикалық прагматика тұрғысынан талқылайды. Дж. Остиннің адамдардың нені ашық айтатынын және ол кезде ойларында не тұратынын ажырату туралы пікірін қарастыра отырып, Дж. Томас, Г.Грайс теориясы туралы былай дейді: «Бұл теорияны тыңдаушының айтылған нәрсенің ішінен, ойда болған, айтылуға тиісті нәрсені қалай бөліп алатындығын түсіндіруге талпыныс деуге болады» [1; 270].

Г.Грайс түсіндірген жалпылаушы имплицатуралар (олар универсалды, үнемі ескерілетін болады) мен дискурс имплицатураларының (бұлар белгілі бір ситуативтік контексте ғана қолданылады) ерекшеліктерін айқындай отырып, Дж.Томас имплицатура және қорытынды білім, астарлы ұғыну (подразумевание) және бөліп алу (выведение) ұғымдарының ара-жігін ашу қажеттігінің екі себебін атайды: біріншіден, интерпретацияның осы екі деңгейін араластыру Г.Грайс теориясын дұрыс түсінбеуге негіз болады, екіншіден, ағылшын тілді елдерде кеңінен таралған осы екі терминнің өзін араластырып жіберу болып шығады. Имплициттеу дегеніміз — тұспалдау, бір нәрсені тілдік құралдар арқылы тікелей емес, жанамалай көрсету, меңзеу. Мысалы, оқытушы дәрісханаға кіріп келіп: «Ертең сынақ-емтихан аптасы басталады» дегенде, ол «сабаққа дайындалындар» дегенді меңзейді. Мұндай тұспал-ишараны студенттер дұрыс түсінуі де мүмкін немесе оған мән бермеуі де ықтимал. Осыдан барып имплициттілікті «айтылмайтын», алайда «тұспалданатын» деп анықтайтын тұжырымның көңілге қонымдылығы байқалады.

Қорытынды білімге сүйене отырып, тыңдаушы тілдік, паратілдік (ым, ишара) немесе бейтілдік сипатта көрініп тұрған айқындықтан бір тұжырым, қорытынды жасайды. Дж.Томас сөйлеуші (автор) тұспалдаған нәрсе туралы тыңдаушылар (оқырмандар) әр алуан қорытындылар жасайтынын мысалдармен дәлелдейді.

Пресуппозициялар сөйлемнің имплицитті семантикалық компоненттерінің үлкен тобына жатады. Пресуппозиция дегеніміз — «семантикалық нәтиже-салдардың әдеттегі логикалық нәтиже-салдарға сәйкеспейтін ерекше түрі» [6]. Логикада «пресуппозиция» ұғымы шындық, ақиқаттық мағыналар терминдерінде қолданылады.

А.Н.Баранов сөздігінде сөйлем мағынасының (мәнінің) — осы сөйлем қалыпты жағдайда қолданылғанда ақиқат, шын болатын және, сөйлеушінің пікірінше, тыңдаушыға таныс болатын бөлігі — пресуппозиция ретінде көрінетіндігі аталады. Мұндай жағдайлар прагматикалық пресуппозициялар деп анықталады [4; 464]. Мұны (прагматикалық пресуппозицияны) отандық зерттеуші Б.Жақыпбеков «бір мазмұнның түрлі формаларда, құрылымда жеткізілуімен» қатысты қарастырады [7].

Ф.Кифер пресуппозиция түрлерін толық, жан-жақты талдайды [8], А.А.Залевская: «Пресуппозициялар сөйлем болғандықтан, олардың өз пресуппозициялары болуы мүмкін», — дейді [1; 271], яғни әңгіме бірінші, екінші т.б. қатардағы пресуппозициялар туралы болып отыр. И.Беллерт: «Кез келген сөйленімнің семантикалық интерпретациясы дегеніміз — сол сөйленім негізінде жасалатын қорытындылардың немесе нәтиже-салдарлардың жиынтығы. Мұнда тіл жүйесін білу, ситуация және әлем туралы білім тірек ретінде алынады, бұл тілдік және энциклопедиялық білімдер негізінде импликациялар мен жалған импликация (квазиимпликациялар) алуға мүмкіндік береді», — дейді [9]. Осы сөйленімнің өз семантикалық функциясын атқаруына қажетті ситуативтік жағдайларға қатысты пресуппозициялар болады.

Қазақ тіл біліміндегі прагмалингвистикалық бағытта жазылған тұңғыш еңбектің авторы З.Ш.Ерназарова «сөйлесім мазмұнын анықтайтын шарттарды» пресуппозиция деп атап, оның экзистенциалды, семантикалық және прагматикалық түрлерін көрсетеді [10].

Көріп отырғанымыздай, импликация, пресуппозиция санаттарын талқылағанда, оның инсан санасындағы білім қорымен байланысы назарға ілінбейді. Дей тұрсақ та, бұл санаттардың жоғарыда көрсетілген үдерістері ділдік лексикон көлемінде болатын қозғалыс, құбылыстарға әсер ететіні сезіледі. Мәселен, бұған имплицитті мағынаны түсіну инсанның аялық білім деңгейіне қатысты екендігі жайлы пікірге [11] сүйенер болсақ, бұлардың ділдік лексиконға байланыстылығы айқындала түседі. Сондай-ақ ділдік лексиконмен пресуппозицияның байланысатын түп себептерін былайша түсіндіруге болады: адамның жария болған сөзі оның ой-санасының ақиқат, шындық болмыспен қатысқа түскенін білдіреді. Ой-сананың болмысқа, болмыстың ой-санаға қатысынан білім келіп қалыптасады. Ал оның өмірдегі, қарым-қатынастағы көрінісін сөзден табамыз. Пресуппозиция «менталитет» ұғымының құрамына кіретін «ой қыртысы» компонентіне сәйкес келеді. Инсанда қатысымның жалған не шынайылығын анықтайтын білім қоры болады. Сонымен қоса «пресуппозиция» ұғымы ділдік лексиконда тілдің әр деңгейлі бірліктерінің қолданысқа түсуін, сонымен байланысты мағыналарда болатын өзгерістерді, жадыдағы жасырын мәнің қалыптасуын анықтауға, негіздеуге көмектеседі. Осылардан мынаны байқауға болады: қорытынды білімнің қабылдаудағы пайдаға асуына жағдай туғызатын микробөлшектері — пресуппозиция және имплициттілік. Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады. Белгілердің өздерін жеке емес, оларды сөз өндіру және сөзтүсінілім барысындағы қолданылу стратегияларымен тығыз байланыста зерттеу керек. Мұнда сондай-ақ бірегейлену (идентификация) үдерістерінің ерекшеліктеріне қарай қорытынды білімнің түрлеріне жете көңіл бөлінуге тиіс. Сөз бірегейленуінің спираль тәрізді үлгісі мен сөзді жеке лексикондағы бірқатар психологиялық үдерістердің (ұғымдық-логикалық, эмоционалды-бағалау) жемісі ретінде және осы үдерістердегі байланыстар қиылысындағы түйін ретінде түсіндірілуі — сөздің тікелей хабарланып, қабылданып отырған ақпарат шегінен асып шығуға қабілеттілігін көрсетеді, сондай-ақ ол (сөз) ішкі контекст (вербалды және бейвербалды, саналы ұғынудың әр түрлі деңгейлерінде қолданылады) арқылы алуан сипатты қорытынды білімдерге қол жеткізу үшін тірек болады. Сонымен, естілетін немесе оқылатын мәтінді түсіну және айту үдерістерінде адамның біртұтас ақпараттық базасына ену құралы ретіндегі сөздің рөлі зор. Ол базада перцептивтік, когнитивтік және аффективтік тәжірибелердің нәтижелері сақталады. Ол тәжірибе жеке ділдік лексикон бірлігі ретіндегі сөзді ішкі контекстке қосқанда өзектенеді, соның нәтижесінде жадта әлемнің әуел бастан ұласпалы және ауқымды бейнесі, ондағы байланыстар мен қатынастар, бағалар мен әсерленулер түгелдей «сәуле береді».

Адам сөзді қолдану немесе идентификациялау (бірдейлестіру, ұқсастыру, түсіну) кезінде әр түрлі белгілерге сүйенеді. Онда тура және көп сатылы қорытынды білімдер (тілдік және энциклопедиялық, декларативтік және процедуралық) ескеріледі. Сөз өндіру мен сөз қабылдау барысында адамдар арасында білім де ауысады, бір инсаннан келесі инсанға тасымалданады, нәтижесінде ділдік лексиконға қол жеткізіледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Залевская А.А.* Введение в психолингвистику. — М.: РГГУ, 2000. — 382 с.
- 2 *Кондаков Н.И.* Логический словарь-справочник. — М.: Наука, 1975. — 720 с.
- 3 *Матжанова Г.Ж.* Іскерлік сөйлеу тіліндегі сендіру категориясының ерекшеліктері (АҚШ-тың іскерлік мәтіндері негізінде): Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2006. — 6-б.
- 4 *Баранов А.Н., Добровольский Д.О.* Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике. — М., 1996. — 647 с.
- 5 *Грайс Г.П.* Логика и речевое общение // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистическая прагматика. — М., 1985. — Вып. 16. — С. 217–237.
- 6 *Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В.* Истоки, проблемы и категории прагматики // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистическая прагматика. — М., 1985. — Вып. 16. — С. 32.
- 7 *Жақыпбеков Б.Ә.* Бұйрықты сөйлемдер және олардың көркем әдебиетте қолданылуы: филол. ғыл. канд. ... автореф. — Астана, 2002. — 7-б.
- 8 *Кифер Ф.* О пресуппозициях // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистика текста. — М., 1978. — Вып. 8. — С. 337–369.
- 9 *Беллерт И.* Об одном условии связности текста // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 8. Лингвистика текста. — М., 1978. — С. 172–207.
- 10 *Ерназарова З.Ш.* Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. — Алматы, 2001. — 70-б.
- 11 *Дина Б.Б.* Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2002. — 28 б.

Ж.М.Алтынбекова

Отражение знаний в лексиконе личности

В данной статье приводятся научные суждения об отражении знаний в лексиконе личности. Наряду с этим уделяется внимание постановке проблемы лексикона, его структуры и организации, его роли в процессе речевосприятия, а также определению основных критериев единиц как эквивалентов ментального лексикона. Автор рассматривает связь категорий импликации, пресуппозиции в языковом лексиконе с запасом знания в сознании личности.

The article is devoted to the problem of scientific opinion about structural especially of language and thinking, language functions, language and speaking acts. The attention is put to the problem of lexicon, its structure and organization, speech process regulations, showing basic criteria of members like equivalents of mentality.